

## БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Кайруллина А.К.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті  
докторант

Отандық тарих ғылымының тарихнамасында Ресей империясының Қазақстан территориясын отарлау саясаты жайлы зерттеулер маңызды орын алады. XIX ғасырдың I-жартысында Ресей билеушілеріне тиімді болып келген басқару үлгісі мен елдің әкімшілік-территориялық бөлінісі империя құрамындағы Қазақстанның дамуының жаңа кезеңіне бастау болып, бірқатар өзгерістердің бекітілуіне әкелгені белгілі. Аталмыш оқиғаның тарихи зерттелуі, яғни сипаты мен себептерін айқындау, мәні мен салдарын түсіну көкейкесті мәселенің бірі болып саналады.

XIX ғасыр - қазақтар үшін маңызды тарихи дәуір. Қазақ халқының тағдырын анықтаған үрдістер осы кезеңде орын алған. Қазақстан территориясында хандық биліктің жойылуына байланысты патша үкіметі әкімшілік басқарудың жаңа формасын, яғни бұрынғы заманнан қалыптасқан дәстүрлі қазақ саяси жүйесінің орнына аймақтық және болыстық жүйені енгізген. Осылайша, 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» қабылдануына байланысты Орта жүз территориясында Ақмола, Көкшетау, Қарқаралы, Аягөз, Көкпекті, сонымен қатар 1833 жылы Баянауыл сыртқы округтері құрылған. Баянауыл сыртқы округі қызметінің тарихы Шоң Едіге, Мұса Шорманов, Қазанғап би, Ботбай би сияқта белгілі тұлғалардың есімімен байланысты екенін білеміз.

Тарихи ғылымында қазақ даласының округтық-болыстық басқару институты жүйелі түрде зерттелмеген. Алғашқы зерттеулер XIX ғасырдың II-жартысында пайда болған. Ғылыми зерттеу жұмысын жазу барысында негізгі тарихнамалық дерек болып ресейлік және қазақстандық ғалымдардың түрлі сипаттағы еңбектері болып келеді. Аталған еңбектердің жарыққа шығу мерзімдері XIX ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтитынын айта кеткен жөн. Сондықтан да олардың арасында революцияға дейінгі кезеңнің зерттеулері, кеңестік заман кезінде жазылған еңбектер, тәуелсіз Қазақстанның ғалымдары жарыққа шығарған зерттеулері бар.

Революцияға дейінгі тарихи әдебиетте басқарудағы округтік, болыстық жүйенің дамуына арналған зерттеулер тек XIX ғасырдың II-жартысында пайда болған. Қазақ даласын зерттеуші орыс және шетел интеллегенциясы арасынан шыққан авторлар, оның ішінде поляк жазушысы Адольф Янушкевич, генерал-майор С.Б. Броневский мен А.К. Гейнстің жазбалары, орыс этнографы Г. Потанин мен қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектерін жатқызамыз.

Революцияға дейінгі зерттеулердің қатарындағы А.К. Гейнстің жұмысына ерекше назар аударған жөн. Ол Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының құрамындағы округтік басқару жүйесіне бақылау жасап, рулар өз территориялық аймағынан шықпай, Сперанскийдің ережесіне сәйкес әр болыс бір рудың өкілдері тұратын ауылдардан тұратындығын атап өткен. Гейнс 1865 жылы Дала комиссиясының құрамында бола отырып, аталмыш жүйені Түркістан генерал-губернаторлығының территориясында да қолдану қажет деген. Орыс этнографиялық комиссиясының басшысы ретінде Баянауыл округіне келген Александр Гейнс қазақ халқының тарихи мұрасын сақтауға ат салысып кеткен. Баянауылда төрт күн жұмыс жасап, өз жеке жазбаларында округтың аға сұлтаны жайлы атап өткен: «По приезде в Баянаул вечером был у нас Муса Чорманов, султан округа, самый влиятельный человек Средней Орды и, действительно, очень достойный человек». И еще одна выписка из дневника за 10 сентября: «Утром все время сидели у Мусы Чорманова и расспрашивали его про порядок кочевки летом и про жизнь на зимовке. После обеда Муса устроил маленькую облаву в ближайших окрестностях Баянаула...» [1].

XIX ғасырдың саяхатшы-зерттеушісі Г.С. Карелин қазақ даласын зерттеп, өз жазбаларында Баянауыл өлкесін сипаттап кеткен. Ол экспедициясын 1842 жылы Баянауыл, Қарқаралы аймақтарынан бастап, Алтайдың шығыс бөлігінде зерттеулер жүргізді. Григорий Силыч Карелин өз жазбаларында «Баянаул... Селение состоит из крепостенки, где приказ и водворенных казаков, которых 47 домов. Кругом медные прииски и свинец. Земли удобные. Хорошая мена и средства к торговле. Бедность казаков от лени и пьянства. Двухлетняя льгота. Управление: старший султан округа, два русских и два киргизских заседателя. Округ в 20 волостей по 600 кибиток» [2].

Орыс шаруаларының қазақ даласының солтүстік аймақтарына көшіп-қонуының дамуына байланысты жеке округтер мен болыстардың табиғи-географиялық жағдайын зерттеу басталды. Үкімет қабылдаған шаралардың ішінде қазақ даласын зерттеуге бағыттаған экспедицияларды жатқызуға болады. 1896-1902 жылдары Ф.А. Щербин экспедициясы ұйымдастырылған. Аталмыш экспедицияның мәліметтері құнды тарихнамалық дерек болып табылады. Киіз үй және мал санын, қоныстар санын қамтитын ауыл, болыс, округ жайлы құнды мәліметтер келтіріледі [3].

Баянауыл сыртқы округінің қызметі жайлы алғашқы еңбектерінің біріне П.П. Румянцевтың «Киргизский народ в прошлом и настоящем» атты жұмысын жатқызамыз. Өз еңбегінің 3-бөлімін автор 1822-1891 жылдар аралығындағы қазақ тарихы туралы жазып, көші-қон басқармасының статистикасына негізделіп, аймақтағы қазақтардың жер дауы туралы мәліметтерді айқындаған. П.Румянцев өз еңбегінде Ф. Щербиннің Павлодар аймағы қазақтарының жерді қолдану туралы материалдарын ашып, Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны Мұса Шорманов әлсіз қазақ руларына қысым көрсетуші тұлға ретінде сипатаған [4].

Сонымен қатар революцияға дейінгі тарихнаманың бір бөлігі Сібір қазақтары аймағындағы Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, ірі қоғам қайраткері Мұса Шормановтың есімімен байланысты. Оның қазақтар, олардың дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысы жайлы этнографиялық мәліметтерді жүйелеу мен жинаудағы рөлі зор. XIX ғасырдың өзінде М. Шормановтың «О киргизах Павлодарского уезда» (1866 жыл), «Обычаи и традиции киргизов» (1871 жыл), «Хозяйство киргизов Западной Сибири» (1833 жыл) және 1906 жылы жарияланған «Записки о киргизах Павлодарского уезда» атты еңбектеріне Григорий Потанин, Николай Ядринцев, Николай Костылецкий, Александр Гейнс қызығушылық танытқан.

1822 жылғы жарғыға сәйкес аға сұлтандар тек қана төре тұқымынан болу керектігіне қарамастан, Баянауыл сыртқы округінде бұл тапқа жатпайтын Шоң бий аға сұлтан болып тағайындалды. Поляк жазушысы-демократ Адольф Янушкевич өзінің «Дневники и письма» атты еңбегінде Баянауыл сыртқы округінің алғашқы аға сұлтаны Шоң төре тұқымынан шықпағанын, бірақ ол дана, әрі әділетті болғанын, оның бұл қасиеттерін тіпті хандар да көре алмағандарын айта кеткен [5].

Баянауыл сыртқы округінің құрылуы және оның алғашқы сұлтаны Шоң би Едігеұлы мен оның қазақ даласындағы үлкен беделінің арқасында жүзеге асырылғаны белгілі. С.Б. Броневский өзінің «Записки о киргиз-кайсаках Средней орды» атты жазуларында «в должность старшего султана введен бий Шон Едигин, престарелый, но умный и благонамеренный, народом Туртугульских волостей любимый и имеющий влияние на оны более, нежели полагать можно было» деген. Сонымен қатар Семен Броневский өз жазбаларында Орта жүз аймағында саяси тұрақтылықты сақтап қалу мақсатында Шоң би патша үкіметімен қатар қытайлық және Бұхара билеушілерімен қарым-қатынасын жақсартуға ұмтылғаны туралы айқындап кеткен. Ол жөнінде автордың «О пришествии китайцев к горам Баян-Аул» атты жазбасы бар [6].

Баянауыл сыртқы округінің қызметі жайлы маңызды деректер Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жазбаларынан да табуға болады. М. Көпеев «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде аға сұлтандардың шығу тегі жайлы баяндаған. Мұса Шорманов жайлы ең құнды ақпарат Ж.Копеевтің: «Мұса мырзаны жоқтау» «Мұса» еңбектерінде жиналған.

Баянауыл сыртқы округінің құрылуы Шоң бидің ерең еңбегі мен батыл саясатының арқасында жүзеге асқан тарихи оқиға болатын. Мәшһүр Жүсіпте: «Шонды Құдай, елі үшін жаратқан» - деп жазып, қазақтың соңғы әділ биі ретіне сипаттайды. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Өмірбаяндық дерек» деген еңбегінде: «Шоң, Шорман ел иесі болып тұрған күнде, Құдай рахмет қылсын, Шоң бидің ақылға кемеңгерлігімен Кенесары, Наурызбайдың жетегіне ілікпей, жел бергеніне желікпей, Иван Семенович деген полковой келіп, Баянаула тауынан Мырзашоқы деген жерден ағаш кестіріп, қала салып, Шоң биді аға сұлтандыққа сайлап, сонан бері қарай қазақ жұрты асын

тыныштықпен ішіп, жесір қатын, жетім бала малына ие болды», - деп, қазақтан шыққан бірінші аға сұлтанның жеке басына жоғары баға береді.

Кеңес дәуірі тарихнамасында Қазақ даласы территориясында болыстық басқарма институтын қалыптастыру мәселесін зерттеген алғашқылардың бірі С.З. Зиманов болған. Ол болыстық жүйені 1822 жылғы реформа негізінде зерттеген. Ол Сібір ведомствасы жанындағы округтер құрамындағы болыстарды қалыптастыруда негізгі кілтті мәселелерді қарастырып, Орта жүз қазақтарының рулары қысқы жайылым аймақтарында әкімшілік құрылым ретінде болыстардың қалыптасу мәселесіне көңіл бөлген.

Е.Б. Бекмахановтың «Казахстан в 20-40-е годы XIX» атты еңбегінде XIX ғасырда қазақ қоғамында жүзеге асырылып жатқан реформалар қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіпті өзгерткенін айқындап кетіп, дайындық кезеңінің жұмыстары мен территориялық бөліністі, саяси-әлеуметтік жағдайды сипаттап кеткен.

Е.Бөкейханов Кокшетау, Баянауыл, Ақмола округтерінің қазақтары жайлы «от частовременных сношений с русскими привыкают уже к оседлой жизни и, подражая русским, выстраивают для себя дома и другие заведения» деп жазған. Сонымен қатар қазақтар мен орыстар арасында сауданың дами бастағаны жайлы Омбы жер сотының төрағасының құжатына негізделіп, «Киргизы сии ввозят собственные свои произведения и изделия для мены в крестьянские селения Тюкалинского округа, а как полагать должно, что таковая потаенная мена производится с крестьянами и на значительную сумму» деп сипатталған[7].

Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны қызметінде Мұса Шорманов 1854 жылдан бастап 1868 жылдар аралығында болған. Бұл оның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Академик С. Зиманов, А.Х. Марғұлан, Шапық Шокиннің еңбектерінде қазақ халқының әлеуметтік жағдайын түсінуші билеуші ретінде қарастырылады.

Кеңес қазақ тарихшысы С.Е. Толыбеков Мұса Шормановтың қызметін сынап, төменгідей бағалаған: «Муса Чорманов вытеснил весь род малгозы из Аккелинских гор и поселил здесь свыше ста хозяйств своих сородичей из рода каржас. В результате полукочевые сородичи оказались у него почти в крепостной зависимости В этот период насильственные действия, связанные с проявлением феодального землевладения, совершались во многих местах Казахстана оседавшими влиятельными представителями патриархально-феодальной»[8].

Тәуелсіз Қазақстан ғалымдары арасында XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап қалыптаса бастаған Қазақстан территориясындағы ресейлік басқару органдарының қызметін Б.М. Абдрахманова зерттеген. Батыс-Сібір және Орынбор генерал-губернаторлықтарының күшімен құрылған қазақ жерлеріндегі жергілікті басқару органдарының құрылымы, функциясын қарастырған.

В книге исследуется история создания и функционирования на территории Казахстана российских органов власти и управления с 20-х годов

до конца XIX века. Подробно и последовательно рассматриваются организационная структура, функции, компетенция всех звеньев местного управления населением казахских земель, создававшихся силами Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторств на протяжении XIX века.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өлкетанушы, ғалым Серік Жаксыбаев Баянауыл сыртқы округін зерттеген. Оның «Открытие Баянаульского округа» және «Муса Чорманов - царский полковник» атты мақалалары «Индустриальная Караганда» атты газетте жарыққа шыққан [9].

Баянауыл мен Мұса Шормановтың тарихи-этнографиялық мұрасы жайлы кейбір деректерді С.К. Косанбаевтың «История становления и развития Казахстана в XVIII - XX века» атты еңбегінен табуға болады. Қазақ халқының әлеуметтік-саяси және рухани мәдениеті, ұлттық құндылықтары жайлы Мұса Шормановтың материалдарына көңіл бөлген [10].

Мұса Шормановтың қызметі жайлы құжаттар Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттің Мұрағатында сақталған. Бұл ақпараттарды Е.К. Рахимовтың «Муса Шорманов – общественный государственный деятель и исследователь традиционной культуры казахов» атты кандидаттық диссертациясында көруге болады. Бұл құжаттар қазақ даласында болған толқулар және М.Шормановтың Кенесары Қасымұлы көтерілісіне ат салысқандағы жайлы ақпарат береді [11].

А.Нухулы және Е.Арын сияқты ғалымдар мерзімді баспасөз беттерінде Баянауыл сыртқы округі мен Мұса Шормановтың қызметіне объективті баға беріп кеткен. А. Нухулы «Баянауыл перзенттері» атты 2 томдық еңбекте М.Шормановтың қызметіне оң баға беріп кеткен [12].

Қазақстан тарриториясының Ресей империясы отарына айналуы әртүрлі кезеңдерде, саяси жүйелер жағдайында, қалыптасқан идеологиялар шеңберінде зерделеніп, бірқатар іргелі еңбектер мен ғылыми мақалалардың жазылуына әкелді. Ғалымдар мен зерттеушілер өмір сүрген қоғам талаптарына сай түйіндерге келіп, тұжырымдар жасады. Дегенмен, мәселенің әлі де болса зерттелуге тиіс тұстарының бар екендігі тарихнамалық талдау барысында айқын болды.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Гейнс А.К. Из дневника 1865 года. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. / А.К. Гейнс. — Т. 4. — Алма-Ата, 1968.
2. ЦГА РК, ф.345, оп.1, д.309, 2-3 л
3. Щербина Ф. А. Киргизская народность в местах крестьянских переселений. СПб., 1905.
4. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем, СПб 1910, с 54.
5. ЦГА РК, ф.206, оп.1, д.305, 7-8л.
6. Броневский С.Б. О казахах Средней Орды / С.Б. Броневский. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 168 с.
7. Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алматы, 1992, с 80.
8. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII –начале XX века, Алматы, 1971г., с 411

9. Жаксыбаев С. Муса Шорманов - царский полковник // Индустриальная Караганда. - 1990 - 18
10. Косанбаев С.К. История становления и развития Казахстана в XVIII - XX века, Алматы, 2005г., с.38
11. Рахимов Е.К. Муса Шорманов – общественный государственный деятель и исследователь традиционной культуры казахов, автореферат, Томск, 2007г.
12. <https://www.kazpravda.kz/articles/view/lichnost-evraziiskogo-masshtaba1?print=yes>

## ГЕНОЦИД САЯСАТЫ

**Батырбаева М.А.**

Азаматтық авиация академиясы  
Саясаттану ғылымының магистрі

Әкімшіл-әміршіл жүйенің қылышынан қан тамып тұрған шағында, коммунистік идеологияның үстем еткен КСРО кезеңінде ашаршылық, репрессия, қудалау т.с.с. тақырыптар мүлдем зерттелмеді болмаса зерттеуге тыйым салынды десек те болады. Мұндай ақтандақтар кешегі ХХ ғасырдың соңғы ширектерінде ашыла бастады. Манап Қозыбаев бастаған Кеңес Нұрпейісов, Мәліқайдар Асылбеков, Мақаш Тәтімов, Мәмбет Қойгелді, Талас Омарбеков, Жұлдыз Абылғожин, Қайдар Алдажұманов, Бүркітбай Аяған, Хангелді Әбжанов сынды ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары тарих ғылымын қайта қарастырып, жана тың жолды болашақ тарих үшін салып берді.

Отандық тарихты зерттеудегі өзекті мәселелерді қарастыру барысында деректерді, құжат материалдарын қолдану, тарихымыздың «Ақтандақтарын» (Белые пятна) зерттеуде алатын орны ерекше. Солардың ішінде ерекше атап өтетін кезең, тарихымызда үлкен трагедия, зобалаң алып келген – Қазақстандағы ұжымдастыру жылдары. Бұл кезеңдегі басты назар аударатын жәйт бұл – күштеп отырықшыландыру, көшпелі халықты тіршілік көзінен айыру, «Бөліп ал да билей бер» принципі салдарының қандай болғанын тарихтан жақсы білеміз, ол – жаппай аштық, «геноцид», халықты қолдан қыру.

1992 жылы қыркүйек-қазан айларында өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында қазақ диаспорасы күштеп ұжымдастыруды, большевистік саясатты, жаппай репрессия саясатын қатаң түрде сынаған болатын.

Сол кезде Түркиядан келген қазақ диаспорасының ақсақалы Халифа Алтай, бұл қасіретті кезеңді – «қызыл табан шұбырынды» деп баға берген болатын [1].

Атап айтатын жәйт, ХХ ғасырдың 20-30жылдары қазақ жерінде болған трагедия кейбір ғалымдардың пікірінше – «Голощекиндік геноцид», немесе «этноцид» деп атауға келеді [2].